# 14-тәжірибелік сабақ:

Қазақ жазу тарихы


Қазақ жазуының тарихы
1929 жылға дейін араб әліпбиі
1929-1940 жылдар аралығында- латын әліпбиі
1940 жылдан бастап- кирилица
2025 жылдан бастап латын әліпбиі қолданысқа енгізілмек

## *Қазақ тілі тарихындағы 1072-1997 жылдар аралығындағы алфавиттердің ауысуы.*



# Ахмет Байтұрсынов әліпбиі.



А.Байтұрсынов қазақ тілінің басқа түркі тілдерінен даралығын анықтап, ұлттың өзіне тән дыбыстық үнін танытатын таңбаларын Әліпбиге еңгізді.Байтұрсынов Әліпбиінің қазақ жазуы тарихында “жаңа емле” (төте жазу) деп аталып,халықты сауаттандыруға ірібет бұрыс жасады.

| Рет саны | Жеке тұрғанда | Сөз басында | Сөз ортасында | Сөз соңында | Әріптер мәні мен айтылуы | Рет саны | Жеке тұрғанда | Сөз басында | Сөз ортасында | Сөз соңында | Әріптер мәні мен айтылуы |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | ا | | | ـا | А а | 18 | ٶ | | | ـو | Ө ө |
| 2 | ٵ | | | ـا | Ә ә | 19 | پ | پـ | ـپـ | ـپ | П п |
| 3 | ب | بـ | ـبـ | ـب | Б б | 20 | ر | | | ـر | Р р |
| 4 | گ | | | ـگ | Г г | 21 | س | سـ | ـسـ | ـس | С с |
| 5 | ع | عـ | ـعـ | ـع | Ғ ғ | 22 | ت | تـ | ـتـ | ـت | Т т |
| 6 | د | | | ـد | Д д | 23 | ۋ | | | ـۋ | У у |
| 7 | ە | | | ـە | Е е | 24 | ۇ | | | ـۇ | Ұ ұ |
| 8 | ج | جـ | ـجـ | ـج | Ж ж | 25 | ٷ | | | ـۇ | Ү ү |
| 9 | ز | | | ـز | З з | 26 | ف | فـ | ـفـ | ـف | Ф ф |
| 10 | ي | يـ | ـيـ | ـي | И и | 27 | ح | حـ | ـحـ | ـح | Х х |
| 11 | ك | كـ | ـكـ | ـك | К к | 28 | ھ | ھـ | ـھـ | | h h |
| 12 | ق | قـ | ـقـ | ـق | Қ қ | 29 | چ | چـ | ـچـ | ـچ | Ч ч |
| 13 | ل | لـ | ـلـ | ـل | Л л | 30 | ش | شـ | ـشـ | ـش | Ш ш |
| 14 | م | مـ | ـمـ | ـم | М м | 31 | ى | ىـ | ـىـ | ـى | Ы ы |
| 15 | ن | نـ | ـنـ | ـن | Н н | 32 | ٸ | ٸـ | ـىـ | ـى | І і |
| 16 | ڭ | ڭـ | ـڭـ | ـڭ | Ң ң | 33 | (ٴ) дәйекші жіңішкерту белгісі | | | | |
| 17 | و | | | ـو | О о | | | | | | |

MyShared

# Қазақ жазу тарихы

- Қазақ тілінің жетілуі заман талабаны сай өзгеріп отырғаны бізге мәлім. Тарихқа жүгінетін болсақ, қазақ халқы өзге түркі халықтары сияқты 4-5 ғасыр бойы араб жазуын пайдаланды. XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап зиялылар, оның ішінде Ыбырай Алтынсарин тәрізді ағартушылар, қазақтың ұлттық жазба әдеби тілін қалыптастыру үшін оның дыбыстық жүйесін толық бере алатын жаңа алфавит қабылдауды не осы жазуды жетілдіруді күн тәртібіне қоя бастады. Қазақ тіліне, нақтырақ айтқанда орфографиясына араб жазуының кемшіліктері байқала бастап, қазақ жазуын орыс (кирриліца) графикасына көшіру идеясын қызу талқыланды.

# Қазақ жазу тарихы

**Қазақ алфавиті**

| Баспа әрпі | Жазба әрпі | Әріп аттары | Баспа әрпі | Жазба әрпі | Әріп аттары |
|---|---|---|---|---|---|
| А а | А а | а | П п | П п | пэ |
| Ә ә | Ә ә | ә | Р р | Р р | эр |
| Б б | Б б | бэ | С с | С с | эс |
| В в | В в | вэ | Т т | Т т | тэ |
| Г г | Г г | гэ | У у | У у | у |
| Ғ ғ | Ғ ғ | ға | Ұ ұ | Ұ ұ | ұ |
| Д д | Д д | дэ | Ү ү | Ү ү | ү |
| Е е | Е е | е | Ф ф | Ф ф | ф |
| Ё ё | Ё ё | йо | Х х | Х х | ха |
| Ж ж | Ж ж | жэ | Һ һ | Һ һ | аш |
| З з | З з | зэ | Ц ц | Ц ц | цэ |
| И и | И и | и | Ч ч | Ч ч | чэ |
| й | й | й (қысқа и) | Ш ш | Ш ш | ша |
| К к | К к | ка | Щ щ | Щ щ | ща |
| Қ қ | Қ қ | қа | ъ | ъ | Айырым белгісі |
| Л л | Л л | эль | Ы ы | Ы ы | ы |
| М м | М м | эм | І і | І і | і |
| Н н | Н н | эн | ь | ь | Жіңішкелік белгі |
| Ң ң | ң | эң | Э э | Э э | э |
| О о | О о | о | Ю ю | Ю ю | ю |
| Ө ө | Ө ө | ө | Я я | Я я | я |

- Қазақ тіліндегі дыбыстар жүйесін арнайы зерттеп, әліпби құрастырған қазақтың алғашқы фонологі – Ахмет Байтұрсынұлы. Ол бүкіл саналы өмірін қазақ жазба тілін лексикалық шұбарлықтан, басқа тілдердің синтаксистік ықпалынан тазартумен айналысып, қазақ тілі ғылымын дамытқан ірі ғұлама.1910 жылдан бастап, араб жазуының қазақ тілі үшін қолайлы емес жақтарын түзеп, оны тілдің дыбыстық ерекшеліктеріне сай етіп,сингармониялық ұлттық әліпби түзеді. Сөйтіп, А. Байтұрсынұлы полиграфиялық жағынан қолайлы-қолайсыз жерлерін, оқыту процесіндегі тиімді-тиімсіз жақтарын таразылай отырып, 24 әріптен тұратын әліпби құрастырады. А.Байтұрсынов реформалаған қазақ графикасы ресми түрде 1924 жылы Орынборда өткен қазақ-қырғыз білімпаздарының тұңғыш құрылтайында қабылданады.

# Қазақ жазу тарихы




- Қазақ тілінің жазу тарихында әліпби жүйесі бірнеше тарихи кезеңдерді басынан өткізіп, ұлттық әліпби деңгейіне жеткен. Бірнеше ғасыр бойы қазақ халқы араб графикасына негізделген әліпби жүйесін пайдаланып келген-ді. 1929-40 жылдар аралығында латын графикасына негізделген әліпбиді жазу жүйесіне енгізіп, 1940 жылдан бері қарай кирил графикасы әліпбиін қолданып келеді.

# Қазақ жазу тарихы

- Қазақ жазуы – қазақ халқының мәдени өмірінде басқа да түркі халықтарымен бірге пайдаланып келген әр түрлі әріп таңбаларынан тұратын дыбыстық жазу жүйесі. Қазақстан жерін жайлаған көне ғұн, сақ тайпалары (б.з.б. 5 – 4 ғ.) пайдаланған көне ("Есік жазуы") жазу сол тайпаларға тән мәдениеттің (жазуының да) тарихи мұрагері – қазақ халқының негізін құраушы үйсін, қаңлы, қыпшақ, т.б. тайпалардың ең көне жазуы болып саналады. Көне замандағы қазақ ру-тайпаларының түркі дүниесіне ортақ Орхон-Енисей, Талас ескерткіштеріне негіз болған "руна" жазуы (5 – 12 ғ.), көне ұйғыр жазуы, 8 ғ-дан бастап күні бүгінге дейін қолданылып келе жатқан араб жазуы, (Қытай қазақтары ағарту жүйесінде) бір кездерде (1929 – 40; Қытай 1960–1970) қолданыста болған латын жазуы, кириллица жазуы (1940 жылдан кейін) – осылардың бәрі Қазақ жазуының негізі болып саналады. Араб графикасына негізделген қазақ әліпбиін кезінде А.Байтұрсынов реттеп, тіл ерекшеліктеріне сай жетілдірді, ол 30-жылдарға дейін "төте жазу" деген атпен қолданылып келді. Бұл жазудың емлесі морфол. дәстүрлі шарттарға негізделген. 1940 ж. орыс графикасы негізінде қалыптасқан қазақ әліпбиі мен орфогр. емлесіне әр кезде (1957, 1970), әр түрлі өзгерістер енгізілді. Кириллица негізіндегі жазудың қазақ тіліне тән ерекшеліктердің бәрін дұрыс көрсете алмауына байланысты кейінгі жылдары (1993 жылдан бастап) қазақ ұлттық жазуын латын графикасы негізіне көшіру мәселесі қойылып отыр

# Қазақ жазу тарихы



# Қазақ жазу тарихы

**1940 жылғы 13 қарашада «Қазақ жазуын латындандырылған әліпбиден орыс графикасы негізіндегі жаңа әліпбиге көшіру туралы» заң қабылданды.**




